## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

### Стандарт

Оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.

Тәрбиленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі.

Оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

### Үлгілік оқу бағдарламасы

Бес дағдының мақсаты мен міндеттері;

Күтілетін нәтиже;

Балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдеріне сәйкес топтарға бөлу;

Тәрбиеленушілердің даярлық деңгейі (әр жас кезеңіне байланысты дағдылар тізбесі).

### Үлгілік оқу жоспары

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жоспары.

### Әдістемелік-нұсқаулық хат

Оқу жылында тәрбие мен оқыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етудің және оны ұйымдастырудың ерекшеліктері

# Диагностика кезеңдері




қойылған
міндеттерді шешу
дәрежесін бағалау

# Мониторинг кезеңдері

- деректер жинау, жиналған деректерді талдау, талдау нәтижесінде шешім қабылдау
- **диагностика** деректер жинаудың бір әдісі, **диагностика –бұл мониторингтің бірінші кезеңі**,одан да салмақтырақ сөзді таңдайтын болсақ **мониторинг-** МДББҰ педагогикалық даму құралдары мен жолдарын, міндеттерін оңтайлы таңдау және оларды шешудің жай-күйін қадағалау үдерісі
- **Мониторинг** бағдарламаның нәтижелілігін қадағалауға мүмкіндік береді, алдын ала белгіленген критерийлер, көрсеткіштер,деңгейлер педагогтердің белгілі бір мерзімдегі әрекетіне бағыт береді
- **Мониторинг** әрқашан алғашқы және қорытынды диагностиканы болжайды



Мониторинг бұл бақылау арқылы ақпаратты жинау әдісі ретінде диагностиканы, ал диагностика – мониторингті жүзеге асырудың негізі ретінде педагогиканы қамтуы мүмкін.



Диагностика

әдетте, оқу жылының басында, ортасында және соңында кезең-кезеңімен жүргізіледі, мониторинг жүйелілік пен үздіксіздікпен ерекшеленеді.

# Біліктер мен дағдыларды дамыту мониторингі.

| Субъекті | Нысан Оқу мақсаты | МДББМС талаптары | Мониторинг нәтижелерін алу әдістері | Мониторинг жүргізудің мерзімі/ кезеңі | Индикаторыlба қылаудан күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 2-3 жасқа дейінгі балалар | Балалардың физикалық, зияткерлік , тұлғалық қасиеттері | 1-деңгей...<br>2-деңгей...<br>3-деңгей... | Бақылау<br>Әңгімелесу<br>Әрекетті талдау<br>Жағдаяттар<br>Балалар шығармашылығы | Бастапқы<br>Аралық<br>Қорытынды | Алдыңғы және ағымдағы күтілетін нәтижелерді салыстыру |

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

UBA

1961

ULTTYQ BILIM AKADEMIASY

# 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Әдістемелік нұсқау хат

Нұр-Сұлтан қ. – 2020

## 1. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыста болатын МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары келесі кестеде берілген. 2020-2021 оқу жылына арналған ӘНХ-тың электронды қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сілтемемен өтуге болады.

✓ **Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы Әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады».**



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

❖ Жалпы орта білім беретін мектептердің мектепалды даярлық, 1-4 сынып оқушыларына әр сыныпқа 15 балаға дейін кезекшілік сыныптар ашуға рұқсат етіледі.

# 5. 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ



## *5.1 Мектепалды даярлық топтары сыныптары*

Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік, танымдық, шығармашылық біліктер мен дағдыларды, әлеуметтендіруді қалыптастыру мен дамыту;
- тәрбиелеу-білім беру процесіне қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- тәрбиеленушілердің мектепте оқуына табысты дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру.



**Назар аударыңыздар!**

**Мектепалды сыныптарда** оқу жылының ұзақтығы 32 аптаны құрайды.
**Мектепалды сыныптарда:**
күзгі каникул – 10 күн ***(2020 жылғы 5-14 қараша аралығында),***
қысқы – 11 күн ***(2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында),***
көктемгі – 12 күн ***(2021 жылғы 20 наурыз – 31 наурыз қоса алғанда);***
қосымша каникулдар: 7 күн ***(2021жылғы 8 - 14 ақпанды қоса алғанда).***

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 II Заңы.

4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.

5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).

6. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысы.

7.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

8.«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

10.«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы.

11.«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

12.«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы.

13.Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы.

14. «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы.

15. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы.

16. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы.

17.«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

18.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы.

19.«Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы.

20. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.

21. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

22.«Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23

қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығы.

23. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының жобаларын ескере отырып, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру және тәрбие процесіне белсенді тарту бойынша жұмыс жалғастырылады.

Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта-отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі ерек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы-бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген қарым-қатынас қалатын әлем екенін түсінуге көмектесу.

Балалардың құрдастарына мейірімді қарым-қатынасын дамытуға, адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ынтызасын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет .

Мектеп жасына дейінгі балаларда 4К моделі бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларында жүзеге асырылатын болады:

1) креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігі. Креативті ойлау дағдылары:

- қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу;
- екі немесе одан да көп объектінің жалпы және әртүрлі белгілерін табу;
- объектінің сипаттамасы бойынша мүмкін болатын әрекеттерді тану;
- бір затқа қолданылатын әрекеттерді басқа затқа ауыстыру;
- шығармашылық әңгіме, ертегі, жұмбақ құрастыру.

Сыни ойлау технологиясын қолдану балаға тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға мүмкіндік береді.

Педагогтің сыни ойлау технологиясының тиімді тәсілдері мен әдістерін қолдануы балалардың пікірін білдіруін қалыптастырады, дербестігін, жауапкершілігін, әлеуметте бағдарлай білуін дамытады.

2) коммуникативтілік-қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, тіл табысу, үйлесімділік орнату қабілеті (бірлесіп жұмыс істеуге қабілеттілік).

3) командада жұмыс істей білу - бұл бір-бірімен келісе білу, өзара пікір алмасуды қолдау, басқа адамдарды түсінуге тырысу, өзінің және өзге

адамдардың әрекеттерін бағалай білу. Командада жұмыс істеу дағдыларын үйрету балаларға кез келген әлеуметте (балабақша, құрдастары және т.б.) бейімделуге септігін тигізеді.

4) сыни ойлау- нәтижелі түрде пікір алмасу үшін қажетті қасиеттерді: төзімділікті, өз әрекеттеріне жауап беруді, тыңдау қабілетін дамытатын (жұппен және топтық жұмысты қолдану, пікірталас) әлеуметтік ойлау.

Сыни ойлауды дамыту мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту.
- баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету;
- баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу.

**Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру**

Тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес іске асырылады және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру салалары бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады.

Стандартта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар анықталған.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы) мектепке дейінгі ұйымдарда:

-1 қыркүйектен 31 мамыр бойынша – барлық жас топтары үшін оқу жылы ( Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады, меңгеру мерзімі-5 жыл;

-1 маусымнан 31 тамыз бойынша – жазғы сауықтыру кезеңі (ұйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі-ҰОҚ), сауықтыру іс-шараларын ауа райына байланысты таза ауада өткізу ұсынылады).

Тәрбиелеу-білім беру процесі:
- білім беру ұйымының жылдық жоспарына;
- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес іске асырылады.

Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың реті мен саны педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі. Педагогтер перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрады.

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай - ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі:

бастапқы- оқу жылының басында (қыркүйекте);
аралық-оқу жылының ортасында (қаңтарда);

қорытынды-оқу жылының аяғында (мамырда).

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагог қызметкерлермен тығыз байланыста жүргізеді. Диагностиканың нәтижелері негізінде тәрбиеші мен педагог-психолог тәрбиеленушінің жеке даму картасын құрастырады.

**Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты, шектеу шаралары кезеңінде мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар**

Өңірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты, мектеп жасына дейінгі балалармен сабақтар өткізу, ата-аналардың қалауын ескере келесідей форматта:

1) кашық форматта сабақтар (консультациялар) өткізу;

2) МДҰ кезекші топтармен сабақтар өткізу ұсынылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін қашықтан оқыту форматындағы сабақтар (консультациялар) – ата-аналардың жетекшілігімен балалар (көбінесе ересек, мектепалды жасындағы балалар) педагогтердің тапсырмаларын оқып, орындайтын үй жағдайында оқыту (консультация).

Тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес іске асырылады және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады.

Стандартта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар анықталған.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы) мектепке дейінгі ұйымдарда:

-1 қыркүйектен 31 мамыр бойынша – барлық жас топтары үшін оқу жылы (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады, меңгеру мерзімі-5 жыл);

-1 маусымнан 31 тамыз бойынша – жазғы сауықтыру кезеңі (ұйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі-ҰОҚ), сауықтыру іс-шараларын ауа райына байланысты таза ауада өткізу ұсынылады).

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- білім беру ұйымының жылдық жоспарына;
- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес іске асырылады.

Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың реті мен саны педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі. Педагогтер перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрады.

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай - ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі:

бастапқы- оқу жылының басында (қыркүйекте);

аралық-оқу жылының ортасында (қаңтарда);

қорытынды-оқу жылының аяғында (мамырда).

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагог қызметкерлермен тығыз байланыста жүргізеді. Диагностиканың нәтижелері негізінде тәрбиеші мен педагог-психолог тәрбиеленушінің жеке даму картасын құрастырады.

## Қашықтан оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру тәртібі

Балалар ата-аналардың қалауы бойынша кезекші топтарға бара алады немесе қашықтан оқи алады.

Қашықтан оқыту форматында тәрбиеленушілерге бейнесабақтар өткізу ата-аналар қауымдастығының сұраныстарын және әлеуметтік тапсырысты орындауды, сондай-ақ қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарын консультациялық қолдауды қанағаттандыруға бағытталған.

Мектеп (шағын орталық болған жағдайда) және мектепке дейінгі ұйым басшылары ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында және ересектер тобы, мектепалды тобы балаларына қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша:

-қашықтан оқытудың барлық қатысушыларының (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды өкілдері) ересектер тобы, мектепалды тобы балаларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы сабақтың басталу күнін көрсете отырып хабардар болуы;

- қашықтан оқытуды өткізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, ғаламтор-ресурстардың тізімін анықтау;

- «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері»,«Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабақ) қашықтан юріктірілген сабақ кестесін құруы;

- педагогтердің демонстрациялық материалдарды, дидактикалық ойындарды және т.б. кеңінен қолдана отырып, қашықтан оқыту сабақтарының конспектілерін (бейнесабақтармен оқыту) әзірлеуі;

- ата-аналармен кері байланысты қамтамасыз ету;

- топтардың контингентін бекіту, сабақ кестесін, жұмыс кестесін, күн тәртібін жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

Басшының орынбасарлары, әдіскерлер:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын ересек, мектепалды жастағы балалардың меңгеруіне бағытталған қашықтан оқытуды ұйымдастырады;

- педагогтермен бірге ересек, мектепалды жастағы балаларды қашықтан оқытуды қамтамасыз етеді;

-жұмысты ұйымдастыру туралы барлық қашықтан оқытуға қатысушылардың (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды тұлғалар) белсенді ақпараттандырылуына бақылау жасайды;

- қажет болған жағдайда балаларды қашықтан оқыту нәтижелерімен бейне талқылау педагогтермен өткізеді;

- ҰБДҚ мәліметтерін, тәрбиеленушілердің ауысуы, педагогтерінің сапалық құрамы, материалдық база, техникалық персонал және т. б. туралы ақпарат базасын толтырады;

- сабақ кестесін құрады;

- педагогтердің қызметін ұйымдастырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарына жеке консультация беруді жүзеге асырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) білім беру платформасы, сабақ кестесі туралы хабардар етеді.

Педагогтер:

- әдіскерлермен және басқа да педагогтермен бірге жас топтарына перспективалық жоспар құрастырады;

- сабақтарды өткізу жоспарын құрады;

- демонстрациялық материалдар (слайдтар, бейне, аудио, көрсетуге арналған заттар (ойыншықтар, муляждар, тұрмыстық заттар және т. б.) дайындайды;

- бекітілген кестеге сәйкес қашық форматта сабақтар өткізеді;

- ата-аналармен кері байланыс орнатады;

- ата - аналар үшін топтық, жеке бейне және аудио консультациялар өткізеді.

## Мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру

Кезекші топтардың жұмысы санитарлық талаптарды қатаң сақтаған жағдайда, оның ішінде осы тәртіпке сәйкес ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) өтініштері негізінде жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді құралдар арқылы қабылданады.

Кезекші топқа баруға ниет білдірген жағдайда балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері мектепке дейінгі ұйым басшысының атына өз қалауы туралы өтініш жазады және оны қол жетімді байланыс құралдары арқылы тәрбиешіге жібереді.

Тәрбиеші өтінішті әкімшілікке береді.

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі берілген өтініштер негізінде 15 балаға дейінгі кезекші топтарды құрады.

Кезекші топтардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы педагогикалық кеңестің отырысында бекітіледі, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі.

Кезекші топтардағы білім беру процесі мектепке дейінгі ұйымның

бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Басшының атына өтініш беру арқылы кезекші топтарға баруды таңдау құқығы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне тиесілі.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын кезекші топтарға апара отырып, олардың қоғамдық ортада болуынына және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупін болдырмау үшін барлық шараларды қолдануға келісімін береді және түсіністік танытады.

Тәрбиеші МДҰ бару мәселесі бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді (жұмыс тәртібі, жас топтары, денсаулық жағдайы, тиісті киім, МДҰ күн тәртібін сақтау және т. б., баланы алдын ала алып келу, себебі балаларды қабылдау белгілі бір уақытты алуы мүмкін).

Кезекші топтардағы сабақтар перспективалық жоспар мен циклограммаға сәйкес кесте бойынша өткізіледі.

Тамақтану, ұйымдастырылған оқу қызметі, ұйқы, демалыс режимі сақталады.

Күн тәртібі аяқталғаннан кейін ата-аналар немесе заңды өкілдер балаларды алып кетеді, тәрбиеші баланы шыққанға дейін ертіп барады.

## Ерте жастағы балаларды дамыту (туғаннан бастап 3 жасқа дейін)

Жас кезеңдері мен жас топтары (балалардың жасы-оқу жылының басындағы толық жасы) мынадай:

1) бөбек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас-туғаннан бастап;

ерте жас- 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағатты;

2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағатты құрайды.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін балалар үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат.

2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат.

Осы жас кезеңінде баланың толыққанды, жан-жақты дамуы мынадай міндеттерінің табысты шешілуіне байланысты:

баланың денсаулығын нығайту, оны шынықтыру, жүйке жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін арттыру;

негізгі қимыл түрлерін дамыту (жүру, жүгіру, лақтыру, қағып алу, секіру);

баланың қоршаған ортамен байланысын байыту, күнделікті өмірде және баламен арнайы ұйымдастырылған әрекетте ортаның құбылыстарын түсінуге

қызығушылықты дамыту, оларды ойын, бейнелеу, музыкалық және басқа да әрекетке ауыстыру;

түсінікті сөздер қорын кеңейту және белсенді сөздік қорды байыту,

заттық әрекеттің алуан түрлілігі: жақын маңдағы заттармен, олардың қасиеттерімен, атқаратын қызметімен және олармен әрекет ету тәсілдерімен таныстыру, қасиеттері бойынша заттарды таңдауды және топтастыруды көрсету; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға (киіну, шешіну, ойыншықтарды жинау) жағымды эмоционалдық ынталандыру және қолдау, еңбек әрекеттеріне қызығушылықты тәрбиелеу, оларды өз бетінше орындау ниетін ынталандыру.

баланың тұлғасын дамытуға ықпал ету: әрекет түрлерінде оның дербестігін дамытуға, өзін – өзі құрметтеу және қадірлеу сезімін әрекетте және қарым-қатынаста табысты бағалау арқылы дамыту үшін жағдай жасау;

ұқыптылық пен тазалықты сақтау дағдыларына баулу;

баланы ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынасқа ынталандыру;

барлық тіршілік иелері (жануарлар, өсімдіктер) мен заттар әлеміне сүйіспеншілікке және ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Үлгілік оқу бағдарламаның мазмұны балалардың ойын әрекеті бойынша әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, бейімделуіне, баланың тұлға ретінде қалыптасуына, қоршаған ортаға (отбасына, әлеуметке, табиғатқа), қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларына ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны енгізілген, ол білім беру салаларын кіріктіру және балалар әрекетінің түрлері (ойын, қимыл, дербес) арқылы іске асырылады.

«Әлеумет» білім беру саласында дербестікті тәрбиелеу, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту, балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам мен мемлекет дәстүрлеріне баулу бойынша әлеуметтендірудің негізгі міндеттері көрсетілген.

Мектепке дейінгі ұйымға бейімделу кезеңінде балалардың өмірін дұрыс ұйымдастыру оларды тәрбиелеудің маңызды сәті болып табылады.

Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту міндеттері:

1 жас-1 жас 6 ай:

- түсінікті сөздер қорын адамның және жануарлардың дене мүшелерін, заттар мен ойыншықтарды, жақын адамдарды білдіретін зат есімдердің есебінен кеңейту;

- белсенді сөйлеуді дамыту;

- заттарды көлемі, түсі, пішіні бойынша ажырата білу;

- заттармен әрекет ету үшін көмекші құралдарды қолдана білуді дамыту (тарту, домалату, қозғалу және т. б. );

- балаларды заттардың пішінімен және көлемімен таныстыру.

1 жас 6 ай-2 жас:

- қоршаған орта заттарын білдіретін зат есімдердің, заттардың жағдайын

және белгілерін, қимылдарын білдіретін етістіктердің, сын есімдердің есебінен пассивті сөздік қорды кеңейту;

- диалогтік сөйлеуді дамыту;

- заттар туралы жалпы түсінік қалыптастыру: заттарды тану үшін жағдай жасау, заттарды топтастыру, түсі, пішіні, көлемі және т. б. бойынша сәйкестендіру;

- төрт негізгі түсті ажырата білуді дамыту: қызыл, сары, жасыл, көк;

- қарапайым заттарды меңгеруге жаттықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдану.

2 жастан 3 жасқа дейін:

- түсті, көлемді, пішінді, сапаны, әрекетті және т. б. білдіретін сын есімдермен, етістіктермен, үстеулермен байыта отырып, белсенді сөйлеуді дамыту;

- баланы заттар әлемімен таныстыру кезінде жарқын әсерлермен байытуды жалғастыру;

- әрекетте заттармен түрлі қимылдарды дамыту үшін жағдай жасау;

- түс туралы түсініктерді кеңейту (қызғылт сары, көк, қара, ақ);

**Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту**
**(3 жастан және 4 жастан бастап)**

Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы –оқу жылының басындағы толық жасы) мынадай:

мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ).

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі:

- ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағатты;

- ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағатты құрайды

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін балалар үшін Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

- ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11,5 сағат;

- ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12,5 сағат.

Үлгілік оқу жоспарының құрылымында инвариантты және вариативтік бөлім көрсетілген. Инвариантты бөлім Үлгілік оқу бағдарламасының міндетті білімін орындауды қамтамасыз етеді.

Вариативтік компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйым қызметінің бағыты ескеріледі.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

ортаңғы топ балалары үшін-1 сағатты;

ересек топ балалары үшін- 2 сағатты құрайды.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда нарқатитік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

ортаңғы топ балалары үшін - 0,5 сағатты;

ересек топ балалары үшін - 1,5 сағатты құрайды.

Үлгілік оқу жоспарларына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

«Қатынас» білім беру саласы:

- «Драма» ҰОҚ алынып тасталды, 0,5 апталық жүктемесі мен міндеттері «Көркем әдебиет» ҰОҚ-не енгізілді және аптасына 1 сағатты құрайды. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінде көзделген міндеттер «Көркем әдебиет» ҰОҚ арқылы әдістемелік тәсілдердің көмегімен (рөлдерде ойнау, театрландыру, әңгімелеу, рөлдерді қайталау және т.) жүзеге асатын болады.

«Әлеумет», «Таным» білім беру салалары:

- «Экология негіздері» ҰОҚ алынып тасталды, 0,25 сағат апталық жүктемесі
«Қоршаған ортамен танысу» ҰОҚ енгізілді және апталық жүктемесі 0,5 сағатты құрайды. «Экология негіздері» ҰОҚ міндеттері «Жаратылыстану» ҰОҚ-де шешілетін болады.

**Мектепалды жасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту**
**(5 жастан бастап)**

Мектепалды даярлық 5 жастан бастап отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды даярлық сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап) (бұдан әрі - Заң).

1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады (Заңның 31 бабы).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балалардың оқу қызметінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке қолайлы бейімделуге қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық қызметтегі бірлескен іс-әрекет дағдыларын тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке деген эмоционалдық-жағымды қарым-қатынасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Білім беру процесі:

- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;

- апталық циклограммаға сәйкес өткізіледі;

- тәрбиеленушілердің жетістіктеріне мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі - 20 сағат және ҰОҚ ұзақтығы -25-30 мин.

Үлгілік оқу жоспарларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

«Қатынас» білім беру саласы:

- «Драма» ҰОҚ алынып тасталды, 0,5 апталық жүктемесі және міндеттері «Көркем әдебиет» ҰОҚ-ке енгізілді, аптасына 1 сағатты құрайды. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінде көзделген міндеттер «Көркем әдебиет» ҰОҚ арқылы әдістемелік тәсілдердің көмегімен (рөлдерде ойнау, театрландыру, әңгімелеу, рөлдерді қайталау және т.) жүзеге асатын болады.
- «Шет тілі» ҰОҚ алынып тасталды. 1 сағат апталық жүктемесі «Сауат ашу негіздері» ҰОҚ енгізілді және 2 сағатты құрайды.

«Әлеумет», «Таным» білім беру салалары:

- «Экология негіздері» ҰОҚ алынып тасталды, 0,25 сағат апталық жүктемесі «Қоршаған ортамен танысу» ҰОҚ енгізілді және апталық жүктемесі 0,5 сағатты құрайды. «Экология негіздері» ҰОҚ міндеттері «Жаратылыстану» ҰОҚ-де шешілетін болады.

Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын талаптар- ұйымдастырылған оқу қызметінің рұқсат етілген көлемін, ұзақтығын қамтамасыз ету және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келуі.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық үшін вариативтік компонент қарастырылған. Вариативтік компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және білім беру ұйымының қызметінің бағыты және т. б. ескеріледі.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі-2 сағатты, ал қазақ тілінде оқитын балалар үшін вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі - 3 сағатты құрайды. Апталық жүктеменің жалпы көлемі-20 сағат.

Тәрбиелеу-білім беру қызметі Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйым түлегінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мектепке дейінгі білім берудің мақсаттарымен, міндеттерімен, мазмұнымен негізделген және «Стандартқа қосымшада «Туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесінде» көрсетілген тәрбиеленушінің дамуының күтілетін нәтижелерін қамтиды.

Баланың одан әрі дамуы үшін қажетті жетістіктер тізбесі баланың дамуының жалпы әлеуметтік маңызы бар болжамдары, 5 жастан асқан балалардың даму нормалары, белгіленген білім беру мақсатына қол жеткізуге бағытталған ересектер (педагог қызметкерлер, тәрбиеленушілердің заңды өкілдері) қызметіндегі бағыт-бағдарлар болып табылады.

## Түрлі жас топтарындағы жұмыстың ерекшелігі

«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 29 мамырдағы №206 бұйрығы) мектепке дейінгі білім берудің қол жетімділігін

# ПӘНДІК-КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТА

- Дұрыс ұйымдастырылған оқыту ортасы әрбір балаға өзіне жақын іс-әрекетті табуға, өз күштері мен қабілетіне сенуге, педагогтер мен құрдастарымен өзара әрекеттесуді үйренуге, олардың әрекеттері мен сезімдерін түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Балалардың еркін әрекеті оларға педагогтен дайын білімді алуға емес, ізденісті жүзеге асыруға, зерттеуге қосылуға көмектеседі, ал ол өз кезегінде қызығушылық, бастамашылдық, дербестік сияқты сапаларды, шығармашылық өзін-өзі іске асыру қабілетін дамытуға жағдай жасайды.
- Баланың денсаулығы, оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуі, қалыпты өсуі мен дамуы көбіне өзі өмір сүретін ортаға байланысты. Оқу жағдайлары жайлылықпен байланысты.

# ПӘНДІК-КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТА

- Бірқатар зерттеулер педагогтің басты объектісі ретінде баланың өзі емес, оның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері емес, тіпті оның мінез-құлқы да емес, баланың өмір сүру жағдайы қарастырылуы тиіс екендігін дәйекті түрде әрі жан-жақты дәлелдеген.

**Бұл жағдайларға төмендегілер жатады:**

жағдайдың сыртқы факторлары

жағдайдың ішкі факторлары

жағдайдың эмоционалдық факторлары





«Қоршаған орта – қазына»

Нақыл сөз

## Қоршаған орта – үшінші мұғалім!

# ЖАҒДАЙДЫҢ ІШКІ ФАКТОРЛАРЫ

- Бұл өзіне тиесілі, өзінің қатысы бар ортада немесе бөлме ішінде оқыту. Гринманның (2008) тұжырымдауы бойынша үй-жайда немесе бөлме ішінде оқыту ортасы нақты жағдайда дамудың барлық салаларын қамту арқылы тексерілетін мол әлеуметтік, коммуникативтік, когнитивті тәжірибе береді, сонымен қатар тұрақты әрі үнемі бақылауда болады.











*Суреттер сілтемесі: https://www.google.com/*

# ЖАҒДАЙДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

- Бұл жақсы көңіл-күй факторы физикалық кеңістіктен анағұрлым маңыздырақ болып табылады. Ол осы ортадағы адамдардың сезім-күй эмоцияларын қамтиды және «сезінудің» көзге көрінбейтін өлшемі болып табылады (1-сурет). Эмоционалды білім беру ортасы балалардың табысты тұлғалық дамуы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етеді, олардың жағдайын реттейді, білім беру процесінің барлық қатысушыларын стресс пен оқуға деген негативті қатынастан қорғайды. Оқытудың эмоционалдық ортасын құруда негізгі фигура педагогтің кәсіби әрекеті болып табылады.











*Суретке сілтеме: https://www.google.com/*




Балалар қызметінің мұндай алгоритмі олардың шығармашылығына нұқсан келтірмейді. Барлық аталған қадамдарды дәйекті орындап, кез келген бала өзінің білім беру нәтижесін сөзсіз алады. Педагог балаларға алған нәтиженің көлемі мен сапасын арттыруға көмектеседі. Бұл зерттеудің алгоритмдік кезеңдерін жүйелі түрде қайталау арқылы қол жеткізіледі.

# Маңызды ...

- Баланың дамуы үшін ең маңызды сұрақтар бала қазіргі уақытта көрмейтін заттар мен құбылыстарға қатысты. Эксперименттер көрсеткендей, танымдық сұрақтар тақырыбы тән: әлемнің шығу тегі, адам, техника, жұмбақ ғарыш туралы. Мектепалды даярлық сыныбы үшін осы қызметті белсенді дамыту маңызды, өйткені бастауыш мектепте зерттеу қызметі барлық оқу пәндерінде жүргізіледі. Зерттеуге арналған шарттар - нысан таңдалады: табиғи, мәдени, ғылыми, сөздік, белгі немесе басқа (мысалы, ағаш жапырағы, тас, су тамшысының құлауы, киім элементі, өлең, мәтел, белгілер, әріп, цифра, дыбыс, теңдеу, геометриялық фигура, рәсім).

## *Танымдық-зерттеу қызметі*

- ***Танымдық-зерттеу қызметі*** – жаңа нысандармен және осы нысандарды пайдалану тәсілдерімен танысуға бағытталған баланың белсенділік формасы. Баланың/балалардың қызметі экспериментпен байланысты. Балалардың сұрақтары – бұл балалардың білім алушылығының көрсеткіші, 5-6 жастағы балалар айналасындағыларға белсенді танымды қарым-қатынас білдіреді.



Бекітілді

№39 «Достық» МДҰ

Меңгерушісі ________________

А.Ж.Уркимбаева

«__» ____ 2020 жыл

**Жас мамандармен жұмыс**

Мақсаты: Жас мамандармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтеру

| № р/с | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Жас мамандармен мектепке дейінгі ұйымның ішкі еңбек тәртібі, балалардың өмірі мен денсаулығы туралы кеңес беру. | қыркүйек | Әдіскер Г.Б. Ұзақбай Шығармашылық топ |
| 2 | Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты. №182 05.05.2020 ж.<br><br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. №40 12.05.2020 ж. | | |
| 3 | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ -2020-2021 оқу жылы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ | | Әдіскер Г.Б. Ұзақбай Шығармашылық топ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР<br><br>МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ СКВОЗНЫХ ТЕМ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ СОДЕРЖАНИЯ ТИПОВОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ | | |
| 5 | МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ | Қазан | Әдіскер Г.Б. Үлакбай |
| 6 | «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛЕУ БОЙЫНША АҚПАРАТ БЕРУ | | |
| 7 | МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОМУ ВОСПИТАНИЮ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» | Қараша | Әдіскер Г.Б. Үлакбай |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша ӘДІСТЕМЕЛІКҰСЫНЫМДАР МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ по проведению мониторинга развития умений и навыков детей по усвоению содержания Типовой программы | | |
| 9 | «ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ» ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ «УСТНОЕ НАРОДНОЕ ТВОРЧЕСТВО КАК ОСНОВА ДУХОВНО – НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА»<br><br>Топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсету. | Қараша | Әдіскер Г.Б. Үзақбай Шығармашылық топ |
| 10 | Дәстүрден тыс әдістерді ҮОҚ қолдану бойынша кеңестер | желтоқсан | Әдіскер Г.Б. Үзақбай Шығармашылық топ |
| 11 | ҮОҚ арналған картотекалар жүйесін жасауда кеңес беру | жыл бойына | Әдіскер Г.Б. Үзақбай |
| 12 | Озық іс-тәжірибені зерттеу, аттестаттау сұрақтары, өз білімін жетілдіру | тоқсан сайын | Әдіскер Г.Б. Үзақбай |
| 13 | Ересектер тобына арналған баланың танымын дамытатын дидактикалық ойындар. | тоқсан сайын | Жас тәрбиешілер<br><br>Шығармашылық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | топ |
| 14 | Ұйымдастыру-педагогикалық шараларды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету | жылдық жоспар бойынша | Шығармашылық топ |
| 15 | Дене шынықтыру, қазақ тілі, өзін-өзі тану ҮОК бойынша кеңестер | тоқсан сайын | Шығармашылық топ |
| 16 | Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер | тоқсан сайын | Шығармашылық топ |

№39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы

# Мектеп жасына дейінгі балаларға орыс тілін ойын, тіл дамыту жаттығулары арқылы дамыту

Орыс тілі мұғалімі: Д.У.Тайжанова

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»

(В. А. Сухомлинский)

Орыс тілін оқыту сабақтарында ойын технологиясын қолдану әдістері мен тәсілдері, ойынның түрлері (дайындық ойындары, шығармашылық ойындары, іскерлік ойындар) қарастырылады. Автор қазіргі мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде ойын әрекеті ойын пәнінің таралуы және тақырыбын түсіну үшін жаңа технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде қолданылады деген қорытынды жасайды.

*«Ойынсыз ақыл — ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе сияқты, сол арқылы баланың рухани байлығымен жасампаз өмірлік үйлесімі, айналасындағы дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз — ушқын болуы құмарлық пен білімпаздың жалынын жағар оты» деген атақты педагог В. А. Сухомлинский.* Ойын — мәдениет феномені. Ол – оқытады, тәрбиелейді, дамытады, ойын сауық, демалыс уақыттарын сыйлайды. Бала өмірін ойынсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да педагогтар мен психологтардың негізгі мақсаты-ойын процесінде баланың жан-жақты дамуы, танымдық қызығушылығын арттыру, тілін дамыту т.б. Ойын әрдайым оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнына сәйкес таңдалынады. Әр түрлі топтарда орыс тілі сабағын қызықты етіп өткізу үшін сабақтарда мынандай ойындар қолданады.

Бұл классификацияда төмендегі ойын түрлерін көрсетеміз:

- сенсорлық тәрбиелік ойындар
- саздық ойындар
- табиғатпен таныстыру ойындары
- математикалық ұғымдарды қалыптастыру ойындары
- дидактикалық ойыншықтармен ойындар
- үстел-үсті ойындары
- сюжетті –рөлді ойындар
- саяхат-ойындар
- ойын-тапсырмалар
- ойын –сөйлесулер
- жұмбақ ойындар
- драмалық ойындар
- қимылды ойындар,т.б

Сабақ өткізгенде ойын тәсілінің мына негізгі принциптерін ескеру тиіс:

- Өтетін материалды игеруде бала тапсырманы ойын ретінде қабылдауы, қызығушылығының артуы
- Ұжымдық және балалар ұжымын біркелкі топтастыру
- Жеке және топтық тапсырмаларды қарсыластырумен бірге шешу арқылы уақытты үнемдеу және шапшаңдыққа үйрету
- Әр ойынның мазмұнында жаңа элементтер болуы тиіс.
- Балаларға ойынның пайдасын айтып кету керек
- Ойын ол сабақ емес, ол жаңа тақырыпқа балаларды қатыстыратын ойын әдісі
- Тәрбиешінің эмоциясы осы іс-әрекетті қалай сезінуіне байланысты болуы керек
- Ойын — бұл диагностика құралы, бала ойын кезінде барлық жағымды, жағымсыз қасиеттерін көрсете алады.

Сабақта қолданатын ойындар алуан түрлі. Ойынның бір ерекшелігі, ол балалардың сабақта өздерін еркін ұстауына, сабақты қысылмай айтуға жағдай жасайды.

Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі.

Ойынның көсемі, жүгірту, аңды — жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол демалу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылыққа, емдеуге, адам қарым-қатысының типтерінің модельдерінде көрініс табады. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс — тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде және мектептерде де ойын әрекеті ойын пәнінің таралуы және тақырыбын түсіну үшін жаңа технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде қолданылады.

Алғаш әріптерді үйретуменен бастап әріп көрген кезеңін дәлел көрсетіп өтсек, онда ол әріп баланың есінде қалады.

Мысалы:

А- арбуз

Б- барабан

С- сәбіз

Тілдің дамуына ойын өте үлкен әсер етеді. Ойын ақыл — ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді.

Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін пысықтауға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады.

«Сиқырлы тәл ойыны». Бастапқы әріптері сәйкес келетін суреттерді қатар қою керек.

Мысалы: Арбуз – аист

Барабан – банан

Вагон – велосипед

Груша — гармошка

Қазақ топтарының балалары орыс тілі пәнін ойын сабағы ретінде тез қабылдайды, мұның өзі педагогқа бүлдіршіндерді пәнге қызықтырудың қосымша шараларын іздестіруді қажет етеді. Мұндай қызықтыру шараларының қатарына: еңбек процестерін суреттеу, табиғат, өз қаланы туралы әңгімелеу. Қазақ тілінде оқытылатын балабақшада орыс тілін оқытудың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерді орыс тілінде сөйлеуге үйрету. Орыс тілін үйретудің бастапқы кезеңінде әр сабақ өз мәнінде көрнекі құрал қолдану арқылы тартымды өткізілсе, білім мазмұнының сапасы да артық. Мектепке баратын балалардың бұл кезеңде сабаққа қызығушын жоғалтып алсақ, кейін олардың тілді әрі қарай меңгеруі қиынға түседі. Сондықтан сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығушы, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезінде сапалың өтілуге материалды толық меңгеруге көмектеседі.

Ойындарды екі тарауға бөлуге болады. Бірінші тарау сөйлеу қабілетін дамытатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және орфографикалық ойындар жатады. Бұл ойындар «Дайындық ойындары» деп аталады. Бұл тарау алдын-ала грамматикалық ойындардан басталады. Себебі грамматикалық материалдарды бірнеше рет қайталағанды қажет етеді және өзінің біркелкілігімен балаларды жалықтырып жібереді, ал жіберілген күш тез арада өз нәтижесін бермейді. Ойындар күнделікті жұмысты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Грамматикалық ойындардан кейін лексикалық ойындар жүреді. Фонетикалық ойындар сөйлеу қабілеті мен білімі дамыту кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтып үйренуге арналған. Ең соңында жүргізілетін орфографиялық ойындардың мақсаты – лексика бойынша оқылған сөздердің дұрыс жазылуын үйрету.

Екінші тарау «Шығармашылық ойындар» деп аталады. Бұл ойындардың мақсаты – сөйлеу қабілетінің әрі қарай дамуына көмек ету. Тез ойлауға, қарым-қатынаста ойланбай жауап қайтаруға, әр түрлі жағдайлардан тез шығуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Балалар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Көрерлік ойындар – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіретін, дамытатын тиімді тәсіл. Сабақ барысында көрерлік ойындарды қолдану арқылы балаларға сөйлеу үлгілері меңгертіледі. Мұндай ойындар оқушылардың жасампаздық, ұлдық қасиеттерін жойып, оның қиялына ерік береді.

Ойында келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі, баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттерінің кеңейс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әр түрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды. Ойынның оқыту мүмкіндігі жөнінде ертеден белгілі. Көптеген алдыңғы қатарлы педагогтар оқыту процесінде ойынды қолдану тиімділігіне әділ назар аударған. Ойында адамның, әсіресе баланың толық және кейде күтпеген жерде қабілеті танылады.

Ойын – зерд-ой мен сезім күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылатын сабақтар. Ойын процесін шешім қабылдауды ұсынады- қалай істеу, не айту, қалай ұту қажет? Осы мәселелерді шешу тілегі ойнаушылардың ойлау әрекетін арттырады. Ал егер қазақ тілінде сөйлейтін бала сонымен қатар орыс тілінде сөйлесе, ол оқытудың бай мүмкіндігін ашады. Балалар ол туралы ойланбайды. Ойын олар үшін ең бастысы-елітерлік сабақ. Сонысымен ол оқытушыларды, соның ішінде орыс тілдер оқытушыларын қызықтырады. Ойын кезінде баолшы тең. Ол тілді түлемеуы бар балалардың да қолынан келеді. Тілдік сезім, өлітру мен қуаныш атмосферасы, тапсырманың қолынан келетіндігін сезіну сөзінде басқа тіл сөздерін еркін қолдануға бөгет жасайтын балалардың ұялшақтық сезімін жеңуге мүмкіндік береді және оқыту нәтижесіне жағымды әсерін тигізеді. Байқаусыз тіл материалы меңгеріледі- соған байланысты бірдей сөйлесе алады екенмін. Жасөспірімдердің білімі қалыпты болса да тәрбиесі жеткіліксіз болуының қоғамға тигізер кесірі мол. Қолын ерінбей, заман керегіменен жаны азған, тілдеі, дінен безген, арбау мен алдау,кісі өлтіру мен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың көбеюі-ата-ана

мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кешеңдік жүзеге асырылуының жолдары. Сондықтан қазіргі таңда балабақша мен мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі- білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру. Жалпы білімді тәрбиелеудің тәсілдері қандай, тәрбие беру жолдары қандай? Тәрбие беру жолдарын қалай жетілдіруге болады? Міне, педагог қауымды ойландырып отырған осындай күрделі сұрақтар болып отыр. Ал бұл сұрақтардың жауабы тек мынада – білім беру үдерісінде балалардың жеке қабілет қабылдауын ескере отырып, бейімдеп жаңашылдық оқыту, оқыту үдерісінде ойынның ең интерактивті, тиімді үлгілерін пайдалану. Бұл жағдайлардың барлығы білім беру үдерісінің тәрбиелілігіне барып саяды. Сондықтан кез келген нәрсе де тек тәрбиеден басталу алады деу керек. Себебі ұлтқа пайдалы қызмет ететін ұрпақ тек тәрбиелі оқушылардан шығады.
Қорыта келгенде, балабақша тәрбиеленушілерінің, мектеп оқушыларының білім, білік дағдыларының жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы білуге, сөз іскерліктерін меңгеруге ойындар көп көмек береді. Олар арқылы түрлі дағдыларды меңгеру барысында оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Орыс тілі сабақтарында дұрыс ұйымдастырылып, пайдаланылған ойындар балалардың таным-түйсігіне жағымды әсер етіп, алған білімдерін жаңа жағдайларда шығармашылықпен қолдана алуына жағдай етеді. Ойын баланың ой-өрісін дамытады. Икемділік, сергектік, тапқырлыққа шақырады. Ең бастысы ойынды мазмұнды, қызықты ету, ой-санаға пайдалы ету ойыншының өз қолында.
Баланың өмірге қадам басуындағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтан да ойынның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке талпынысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс — әрекетін өз түсінігінше әрекет арқылы бейнелеуі ойын болып саналады.
Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған. Яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды. Заттарды көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай — ақ заман ағымына да белсене қатысады.
Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, жүйелі сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, оларды күнделікті іс — әрекет кезіндегі тілдік қарым — қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.
Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ол арқылы баланың рухани әлемі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды еңбекпен, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдылыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін — өзі жетілдіру мен өзін — өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс — әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.
Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір — бірімен қарым қатынас жасайды.
Оқу іс — әрекетінде қолданылатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді. Ойынның түрлері:

- Кәсіптік ойындар
- Сюжетті рөлдік ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз — педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.
Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс — әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың бәсінде де, оқу іс — әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс — әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.
Тәрбиелі ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.
Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дербес психологиялық процестері, сезімдері мен мінездері, ерік — жігер қасиеттері шыңдалады, мінез — құлық айқындала түседі.
Бала ойнай жүріп, жаңалық болып саналатын ерекше нәрселерге еліктеуші келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін өзгертеді. Баланың жалпысы мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиелі ойын барысында тілдік дыбыстың мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.
Үлкендер және тіл ерекшелігі сөзін өңдеттеу барысында нәрсеге, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендерді де үйретуге тиісті.

Ойынның өз мақсаты, жоспарлы болады. Ойын мен еңбектің бір — біріне ұқсас сипаттары көп. Кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын — жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын — жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен ренішi ойын арқылы байқалады.
Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұмтылады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің көріністері қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай — ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортасымен қарым — қатынасқа түсіп араласуына себеп болады.
Ойындардан күтілетін нәтижелер:

1. Ойын — тәрбие құралы, яғни — ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейірімділік сезімге тәрбиелейді.
2. Ерікті мінез – қасиеттерін баулиды, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан — жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстарын жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл әрекеті нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға жаңа ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары көне қажеттіліктерімен туды. Психологиялық жағынан денсаулықты нығайтуға негізделген.
Қорыта келе айтқанда:
Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс — әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, жан-жақты психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.
Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан — жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл — қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым — қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын — бала үшін білімділіктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсе.

Бекітемін
№39 «Достық» МДҰ
меңгерушісі
А.Ж.Уркимбаева
«28» «09» 2020 ж.

**Аттестацияға дайындық, аттестаттау ұсыныстарын орындау**

**Подготовка к аттестации, выполнение рекомендаций по аттестации**

| № | Өткізілетін шаралар | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Педагог қызметкерлерден (кезекті және мерзімінен бұрын) аттестаттауға өтініштерді мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша қабылдау; аттестациядан өткізу қағидалары және Ережелерімен таныстыру; | 25 мамырға дейін | Меңгеруші А.Ж.Уркимбаева Әдіскер Г.Б Ұзақбай |
| 2. | Аттестаттауға үміткер барлық педагог қызметкерлер екі кезеңде аттестаттаудан өтуі:<br>1. бірінші кезең- біліктілік тестілеу; <u>Барлық аттестаттаудан өтетін педагогтарға</u><br>2. екінші кезең- қызмет қорытындыларын талдамалық жинақтау; (ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер кесте бойынша, семинарлар, педкеңестерге т.б іс-шараларға қатысу,баспалар, диплом, сертификаттар)<br>3.Аттестаттау комиссиясының жұмысы: Өтініш білдірген санатына сәйкестігіне аттестатталатын педагог қызметкердің қызмет қорытындысына талдау. | 15 қазан мен 15 желтоқсан аралығында<br><br>01.09. 2020 ж-01.02.2021 ж<br><br>2021 ж. ақпан Аттестаттау комиссиясының үшінші отырысы | Меңгеруші А.Ж.Уркимбаева<br><br>№39 «Достық» МДҰ-ның аттестаттау комиссиясы<br><br>№39 «Достық» МДҰ-ның аттестаттау комиссиясы |
| 3. | Қалалық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының аттестаттау комиссия жұмыстары | 01.02.- 01.07. 2021 ж | Қалалық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының аттестаттау комиссиялары |

№39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы

# Ұйымдастырылған оқу қызметінде ТРИЗ технологиясын пайдалану

Тәрбиеші: К.А.Кужахметова

Ақтөбе қаласы 2021-2022 оқу жылы

# «ӨТШТ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

## *ӨНЕР ТАПҚЫШТЫҚ ШЕШУ ТЕОРИЯСЫ*

**ӨТШТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА НАҚТЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ БАР**

**Келесі қағидаларды ұстану керек:**

- ❑ Әр сөйлеушінің дауысы бар.
- ❑Тек қана жағымды баға беру керек – еркіндік сыйлайды!
- ❑Сөйлегенде: қызықты, эмоционалды, назар ала алатындай!
- ❑Сабақ барысында баламен сөйлескенде оның ақылын, ой-өрісін дамыта отырып, оның логикасын жетелей білу
- ❑Балаларды өз ойын ашық айта білуге үйрету және қарсыластығы болатын жағдайларда аргументтерді тиімди пайдалануға, дәлелдеуге дағдыландыру.

Мектепке дейінгі балалық шаққа бейімделген ТРИЗ технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылықпен жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік береді. ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдіс-тәсілдер төмендегідей: Жүйелік жақындау Компоненттік, құрылымдық, функционалды және генетикалық жақындаудың элементтер негізінде құрылған ортаның жүйелік көріністерінің бастауларын қалыптастыру. Бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөліктерден құралған жүйені біртұтас ретінде түсінік беру, объектінің осы шақтағы, өткен шақтағы және келер шақтағы жағдайын бөліп ала отырып, уақыт және кеңістік туралы ұғым беру.

ТРИЗ технологиясын қолдану дәстүрі іс-әрекеті



**авторы — жазушы-фантаст Генрих Саулович Альтшуллер**
***(15.10.1926 - 24.09.1998)***

**ит бағдарламасының аспектілері мен жүйесін 1945 жылдан бастап зерттеді. Оның шәкірттері осы технологияны техникаға енгізген болған. Қазіргі кезде бұл технология заманның көптеген технологиялық жүйелерін дамытуға қолданылады. 1987 жылдан бастап балабақшаға енгізілген.**

## «ӨТШТ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ:

**Баланың тілін дамыту, ақыл-ой, шығармашылық қиялын дамыту болып табылады, жүйелі ойлауын дамыту, қоршаған ортаның біріздiлігі мен қарама-қайшылықтарын түсіне білетін шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу және балалардың өздерінің кішкентай мәселелерін өз бетінше шешуге үйрету**

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДА 3 НЕГІЗГІ МАҚСАТ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

1. Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту;
2. Сөз дыбыстарын дұрыс айту;
3. Байланыстырып сөйлеуін дамыту.

## ӨТІНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА НАҚТЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ БАР

Келесі қағидаларды ұстану керек:

- ❑ Әр сөйлеушінің дауысы бар.
- ❑ Тек қана жағымды баға беру керек – еркіндік сыйлайды!
- ❑ Сөйлегенде: қызықты, эмоционалды, назар ала алатындай!
- ❑ Сабақ барысында баламен сөйлескенде оның ақылын, ой-өрісін дамыта отырып, оның логикасын жетелей білу
- ❑ Балаларды өз ойын ашық айта білуге үйрету және қарсыластығы болатын жағдайларда аргументтерді тиімди пайдалануға, дәлелдеуге дағдыландыру.

Сабақ басталғанда проблемалық сұрақ қоюдан, іздәністен, сұрақтар тізбегінен бастаған жөн:

Қалай?

Қашан?

Неге?

Не үшін?

Оны немен жақсартуға болады?

Несімен жақсы?

Несі жаман?

Не үшін пайдалы?

Несімен ыңғайлы?

Не істеу керек?

Қайда пайдалануға болады?

Сен [illegible]...? [illegible] қандай болар еді?

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ӘДІСТЕМЕСІ

- А.Байтұрсынов мектепке дейінгі тәрбиенің маңызын, бала тәрбиесі мен дамуының жас ерекшеліктерімен байланысын аса жоғары бағалаған: «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік иесіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс болады».



# А.Байтұрсынов идеясы

- «Баланың ойыны қайсы, «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да – ойын, «жұмысы» да – ойын, бәрін ойын үстінде, ойын үшін істейді... Жас балаларға жақсы іс, дұрыс білім үйрету дегенде, мектеп балаларына сабақ үйрету үлкендерге іс үйрету сияқты емес, әлгі айтылған сияқты балалар табиғаты тілейтін жолмен үйрету айтылады. Яғни баланы ойынға үйрету, қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету деп білу керек» деп, А.Байтұрсынов мектепке дейінгі тәрбиенің өзіндік ерекшелігі мен жүргізілу тәсілін сөз етті.

# А.Байтурсынов идеясының ерекшелігі

- «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Халықтың ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі оқумен түзеледі» деп жазған. Сонымен қатар «қандай бай болса да, білімсіз халық сол байлығынан айырылатынын, оның қазына байлығы білімдар халықтың қолына ауысатынын» атап көрсетеді.
- А. Байтұрсынов өз халқының жанашыры ретінде еуропалық халықтардан үлгі алып, білім мен ғылымға күш салуға, кітап шығару ісіне баса назар аударуға үндеді. Қазақ халқының көрнекті ғалымы және ағартушысының «Ғылым мен практикалық білім негіздерін меңгерген халық ақылды, бай және мықты халыққа айналады» деген сөзі қазіргі кезде де аса өзекті болып табылады..

*Сілтеме:* http://allbest.ru/otherreferats/history/00420660_0.html
http://otherreferats.allbest.ru/history/00420660_0.html

# НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ӘДІСТЕМЕСІ



НАЗИПА КҰЛЖАНОВА

- Қазақстаннан шыққан алғашқы педагогтердің бірі Нәзипа Құлжанова екі педагогикалық еңбегін жариялады: «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) және «Ана мен бала» (1925). Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне Ахмет Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбекке «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді.

# Н. Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы:

- ***-біріншіден,*** оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуы;
- ***-екіншіден,*** мектепке дейінгі педагогиканың биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырылуы;
- ***-үшіншіден,*** қазақ этнопедагогикасы әлем елдерінің этнопедагогикасымен байланыстырыла зерттеледі;
- ***-төртіншіден,*** Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінен алынған нақты көріністер айқын бедерленген.

# Н.Құлжанованың әдістемесінің артықшылығы

- Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін атап, баланы тәрбиелеу мен өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. 3-7 жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін – бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайтыны туралы құнды пікірлер жазған. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесінде кемшіліктерге тоқталды. Мысалы, қазақ отбасында баламен сөйлесуге жете мән бермейтіндіктен, балалардың сөйлеу мәдениеті толыққанды жетілмейтіні жөніндегі мәселені қозғаған болатын.

## Н.Құлжанованың әдістемесінің артықшылығы

- Сондай-ақ Нәзипа Құлжанова баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» дегенді айтады. Бұл пікір күні бүгінге дейінде өзінің құндылығын жойған жоқ, себебі табиғат аясына серуен жасау, күнделікті серуендеу мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың маңызды бір саласы болып табылады.

# Н.Құлжанованың әдістемесінің артықшылығы

- Сондай-ақ бала тәрбиесіндегі маңызды аспектілер туралы мынадай пікірімен өрнектегенін байқауға болады. Ол: «Әрбір қулықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп, мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді.
- Назипа Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» және «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді», – дейді. Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын *«Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы кепшіл болуға баулу»* деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мәнмағынасын ашып талдайды.

# Н.Кулжанованың мектепке дейінгі білім беруде маңызы

- Н. Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталып, бала тәрбиесіне қатысты мынадай пікірін тұжырымдады: әр балабақшаның жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе алаңы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпішешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді.
- Назипа Құлжанова Европа елдеріндегі балабақшаларды үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалардың тірлігіне тоқтала отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы мынадай ең басты мәселелерге көңіл бөлу қажеттігіне назар аударды: бірігіп ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу; балалардың ойына, жас мөлшеріне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балабақшалары сондай болса екен деп армандайды. Кез келген философия анағұрлым өзекті дүниетанымдық тұжырымдамалар арқылы әртүрлі білім салаларының ең соңғы жетістіктерін сипаттайды, ал педагогика тәрбие мен оқытудың озық әдістерін қолдану арқылы өскелең ұрпақтың ішкі әлемін қалыптастыруға ықпал етеді.

*Сілтеме:* http://vk.com/topic-57544491_29854856

[illegible] _Казахстан_и_Венгрия:_историко-педагогический_аспект_развития_дошкольного_образования

http://e-history.kz/ru/publications/view/1234

# МКҚК №39 «Достық» МДҰ-да 2020-2021 оқу жылында жүргізілген оқыту және тәрбиелеу жұмыстарының талдау есебі

Әдіскер: Г.Б.Ұзақбай

МКҚК №39 «Достық» МДҰ-да 2020-2021 оқу жылында жүргізілген оқыту және тәрбиелеу жұмыстардың талдау есебі

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы Ақтөбе қаласы, Чеканов көшесі 36 орналасқан. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Балапан» бағдарламасы аясында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарынан кейін 2011 жылдың қаңтар айында МКҚК №39 «Достық» МДҰ қолданысқа берілді. Балабақшада 10 топ, барлық бала саны-311, оның ішінде 6 топта оқу-тәрбие мемлекеттік тілде, 4 топта орыс тілінде беріледі.

**Материалдық-техникалық базасы.** Жоба қуаттылығы-280 орын. №39 «Достық» МДҰ заманауи балаларға арналған көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. Музыка, денешынықтыру залдары, қазақ тілі, әдістемелік кабинеті, өзін-өзі тану кабинеті техникалық құрал-жабдықтармен қамтылған. Көріктендірілген балабақшаның аймағында спорттық және ойындық жабдықтар балалардың шыңдалуын нығайтуға, ата-аналармен тәрбиеленушілер арасында дене шынықтыру және спортты дамытуға мүмкіндік береді.

**Инновациялық бағыты.** Биылғы оқу жылында республикалық «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарлама бойынша негізгі білім беру мекемесі болғандықтан, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде бағдарламен, ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. Республикалық экспериментке барлық 10 топтың тәрбиеленушілері мен ата-аналары, барлық МДҰ қызметкерлері қатысады.

2020-2021 оқу жылдарында «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» облыстық эксперименті бағытында жұмыс жалғасын тапты. Облыстық эксперимент «Қарлығаш» «Бүлдіршін» мектепалды даярлық топтарында жүргізілуде. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан 7 педагог өтті соңғы екі жылда. *(Оңғарбай Г.Б, Кабулова А.С. Миндыбаева Ж.Қ, Сариева Н.П, Зулкашева Л.А, Намазбаева Г.А, Айтбакова А.Ю)*

МДҰ-да оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны – 29. (Меңгеруші, әдіскер, психолог, 2 музыка жетекшісі, 2 дене шынықтыру жетекшісі, қазақ тілі мұғалімі, орыс тілі мұғалімі, 20 тәрбиеші)

**Педагогтардың педагогикалық өсім көрсеткіші**

| Оқу жылы | Барлық педагогтар | Жоғары білімді | Жоғары мектепке дейінгі | Арнаулы орта білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білім | Пед. білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2018-2019 | 25 | 13-52% | 7-28% | 12-48% | 9-36% | - |
| 2019-2020 | 27 | 11-40% | 5-19% | 16-59,2% | 13-48,1% | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 29 | 9-31% | 3-10,3% | 20-68% | 18-62%<br><br>*2 педагог сырттай оқып жатыр* | - |

2020-2021 оқу жылында жалпы 12 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті.

**Өз білімін жетілдіру курсы туралы мәлімет**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | «Өрлеу» БАҰО АҚ | «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекертылған білім беру мазмұны бойынша 2 |
|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 29 | 9 | 3 |

**Педагогтар санатын өсіру туралы мәлімет**

| Оқу жылы | Барлық педагогтар | Жоғары | % | 1-ші | % | 2-ші | % | Санаты жоқ | % | Педагог модератор | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2018-2019 | 25 | 2 | 8% | 5 | 20% | 9 | 36% | 9 | 36% | | |
| 2019-2020 | 27 | 2 | 7,4% | 4 | 14,8% | 9 | 33,3% | 12 | 44,4 | | |
| 2020-2021 | 29 | 2 | 6,9% | 6 | 20,7% | 7 | 24% | 15 | 51,7% | 1 | 3,4% |

2020 жылы 1 қыркүйекте ересек, мектепалды даярлық топтарында Білім күні аталып өтті.

«Өзін-өзі тану Kz» республикалық журналының 2020 жылғы №6 кезекті басылымында «Бөбек ғылыми орталығы институтының п.ғ.д. профессор Аршагүл Қалышбекқызы Рысбаеваның «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша №39 «Достық» мектепке дейінгі пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесі туралы мақаласы жарық көрді. Өзінің мақаласында Аршагүл Қалышбекқызы мектеп жасына дейінгі балаларға жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білім беру ісінде маңызды міндеттерді шешу бойынша педагогикалық ұжымның жұмысына жоғары баға берді.

Биылғы оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметі кезекші топтарда санитарлық талаптар шараларын сақтай отырып сабақ кестесіне сәйкес жүргізілді.

Қазан айында қарттар күнінде балабақшада балалармен әңгіме сабақ жүргізілді. Балабақша педагогтары №39 «Достық» МДҰ-нан зейнетке шыққан қызметкерлерінің үйіне барып құттықтады. Қазан айының бірінші аптасында Қалалық білім бөлімінің

2021 ж. 09-16 сәуір аралығында «Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілу ерекшеліктері» әдістемелік семинарына меңгеруші А.Ж.Уркимбаева, әдіскер Г.Б.Ұзақбай, тәрбиеші Чипегина Н.А, Ж.К.Мандыбаева қатысты. (9,12,14,16)

2021 ж. 16 сәуір күні «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңартылған білім беру мазмұны» мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне және музыка жетекшілеріне арналған қалалық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен өтетін онлайн семинар-практикумға әдіскер Ұзақбай Г.Б, музыка жетекшісі Дауева А.З, тәрбиеші Кабулова А.С қатысты.

2020 жылы 6 қарашада «Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау» пилоттық жобасының нәтижелері: тәжірибе мен даму мүмкіндіктері» тақырыбында Республикалық онлайн-семинарға қатысқаны үшін сертификат иеленді.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында балабақша педагогтары Ұзақбай Г.Б, Абилова Г.Н, Дауева А.З, Ахмуратова Н,М, Чипегина Н.А, Айтбаева А.К Қалалық білім бөлімінің және Облыстық кәсіподақ комитетінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қашықтан өткен «Бақытты бала әлемі» Республикалық дарынды балалар байқауына музыка жетекшісі Тілеп Ө.А «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Қайыржан Інкәрді қатыстырып I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Мамыр айында №39 «Достық» МДҰ да Мини Теннис үйірмесіне қатысатын тәрбиеленушілер «Мен теннис жөнінде не білемін интелектуалдық ойынына қатысып 5 тәрбиеленуші дипломдармен марапатталды. Жетекшісі Темирин А.Б

«Зият» ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жазы көрінісі» атты қашықтан өткен сурет байқауына Бектас Батыржан қатысып I орын иеленді. «Қазақ кітабы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен қолөнер байқауына Жұмабай Фатима, Жұмжан Айлере қатысып I орын иеленді. Жетекшісі Досжанова Г.Ж

**БАЛАЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ 2020-2021 оқу жылы**

Мониторинг нәтижелері туралы жиынтық есебі

| № | Топтар | Бала саны | Дағдылардың қалыптасу деңгейі (%) | | | | | | | | | | | | | | | [illegible] |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Денсаулық сақтау дағдылары | | | Коммуникативті-тілдік дағдылар | | | Танымдық дағдылар | | | Шығармашылық дағдылар | | | Әлеуметтік дағдылар | | | |
| | | | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | % |
| 1 | «Балапан» ортаңғы тобы | 26 | 0 | 0 | 26 | 0 | 4 | 22 | 0 | 0 | 26 | 0 | 4 | 22 | 0 | 0 | 26 | |
| 2 | «Айналайын» ортаңғы тобы | 27 | 8 | 18 | 0 | 22 | 5 | 0 | 25 | 2 | 0 | 23 | 4 | 0 | 8 | 19 | 0 | |
| 3 | «Ақбота» ортаңғы тобы | 28 | 0 | 15 | 13 | 10 | 1 | 18 | 0 | 18 | 10 | 0 | 14 | 14 | 0 | 18 | 10 | |
| 4 | «Асылтас» ортаңғы тобы | 30 | 0 | 5 | 25 | 0 | 3 | 27 | 0 | 5 | 25 | 0 | 3 | 27 | 0 | 3 | 27 | |
| 5 | «Күншуақ» ересек тобы | 26 | 1 | 1 | 24 | 1 | 7 | 18 | 1 | 4 | 21 | 1 | 5 | 20 | 0 | 1 | 25 | |
| 6 | «Жұлдыз» ересек тобы | 32 | 0 | 8 | 24 | 0 | 17 | 15 | 0 | 16 | 16 | 0 | 8 | 24 | 0 | 17 | 15 | |
| 7 | «Балдырған» ересек тобы | 29 | 0 | 7 | 22 | 0 | 19 | 10 | 0 | 16 | 13 | 0 | 18 | 11 | 0 | 20 | 9 | |
| 8 | «Бүлдірген» мектепалды даярлық тобы | 27 | 0 | 6 | 21 | 0 | 17 | 10 | 0 | 14 | 13 | 0 | 10 | 17 | 0 | 15 | 12 | |
| 9 | «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы | 29 | 0 | 2 | 27 | 0 | 9 | 20 | 0 | 10 | 19 | 0 | 15 | 14 | 0 | 25 | 4 | |
| 10 | «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы | 29 | 0 | 4 | 25 | 0 | 6 | 23 | 0 | 5 | 24 | 0 | 4 | 25 | 0 | 3 | 26 | |
| | барлығы | 283 | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | Балалар саны | Денсаулық сақтау дағдылары | | | Коммуникативтік дағдылары | | | Танымдық дағдылар | | | Шығармашылық дағдылар | | | Әлеуметтік дағдылар | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III |
| «Балапан» ортаңғы тобы | 26 | 0 | 0 | 26 | 0 | 4 | 22 | 0 | 0 | 26 | 0 | 4 | 22 | 0 | 0 | 26 |
| «Айналайын» ортаңғы тобы | 27 | 8 | 18 | 0 | 22 | 5 | 0 | 25 | 2 | 0 | 23 | 4 | 0 | 8 | 19 | 0 |
| «Ақбота» ортаңғы тобы | 28 | 0 | 15 | 13 | 0 | 10 | 18 | 0 | 18 | 10 | 0 | 14 | 14 | 0 | 18 | 10 |
| «Асылтас» ортаңғы тобы | 30 | 0 | 5 | 25 | 0 | 3 | 27 | 0 | 5 | 25 | 0 | 3 | 27 | 0 | 3 | 27 |
| «Күншуақ» ересек тобы | 26 | 1 | 1 | 24 | 1 | 7 | 18 | 1 | 4 | 21 | 1 | 5 | 20 | 0 | 1 | 25 |
| «Жұлдыз» ересек тобы | 32 | 0 | 8 | 24 | 0 | 17 | 15 | 0 | 16 | 16 | 0 | 8 | 24 | 0 | 17 | 15 |
| «Балдырған» ересек тобы | 29 | 0 | 7 | 22 | 0 | 19 | 10 | 0 | 16 | 13 | 0 | 18 | 11 | 0 | 20 | 9 |
| «Бұлақ» мектепалды даярлық тобы | 27 | 0 | 6 | 21 | 0 | 17 | 10 | 0 | 14 | 13 | 0 | 10 | 17 | 0 | 15 | 12 |
| «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы | 29 | 0 | 2 | 27 | 0 | 9 | 20 | 0 | 10 | 19 | 0 | 15 | 14 | 0 | 25 | 4 |
| «Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобы | 29 | 0 | 4 | 25 | 0 | 6 | 23 | 0 | 5 | 24 | 0 | 4 | 25 | 0 | 3 | 26 |
| | 283 | | | | | | | | | | | | | | | |

**БАЛАЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ**